Педагогикалық кеңес № 1
«Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
«Жаңа оқу жылына дайындық»

Өткізу күні 28 тамыз 2026 жыл
Өткізу форматы офлайн
Ұзақтығы: 90 минут
Қатысқандар – 22 мұғалім (шағын орталық тәрбиешісі, кітапханашы)
Қатыспағандар-0
КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Өткен оқу жылының қорытындысы; жаңа оқу жылындағы міндеттер; оқу-әдістемелік құжаттарды бекіту
2. Жаңа оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының басым бағыттары.
3. Мектептің жылдық жұмыс жоспарын бекіту. (Оқу жоспарын бекіту. Жұмыс оқу жоспарының үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі. Сынып жетекшілік бекіту. Мұғалімдердің оқу жүктемесі. Сабақ кестесі. Тәлімгерлікті бекіту. Білім беру саласындағы жаңа құжаттарды зерделеу. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар мен үй оқушыларын оқыту бойынша жұмыс)
4. Ұйымдық-шаруашылық қызметі және қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету мәселелері.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші және екінші сұрақ бойынша мектеп директоры А.Аксеитова: Жаңа оқу жылына міндеттері педагогикалық ұжым жұмысының басым бағыттары туралы 2026-2027 оқу жылы білім сапасын арттыру, адами капиталды дамыту, құндылыққа негізделген тәрбие, оқушылардың функционалдық сауаттылығы, балалардың қауіпсіздігі, педагогтердің кәсіби дамуы, цифрлық және жасанды интеллектіні білім беру үдерісіне енгізу мәселелеріне ерекше назар аударылады. 2026-2027 оқу жылындағы негізгі басымдықтар,олардың қатарына конституциялық құндылықтарды білім беру үдерісіне енгізу, «Адал азамат», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» қағидаттарын жүзеге асыру, білім сапасын арттыру және функционалдық сауаттылықты дамыту. Осыған байланысты жаңа оқу жылы мұғалімнен тек пәнді сапалы оқытуды ғана емес, баланың тұлғалық дамуына, қауіпсіздігіне, құқықтық және цифрлық сауаттылығына жан-жақты көңіл бөлуді талап етеді.Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты оқушыға тек белгілі бір көлемде ақпарат беру емес. Мектеп баланы алған білімін өмірде қолдана алатын, өз ойын жеткізе білетін, ақпаратты саралайтын, жауапты шешім қабылдайтын және үнемі білім алуға дайын тұлға ретінде қалыптастыруы қажет. тек баға мен бақылау жұмыстары арқылы емес, оқушының нақты құзыреттері арқылы бағалау. 2026–2027 оқу жылында білім беру мазмұны өзгереді Жаңа оқу жылы бірқатар мазмұндық өзгерістермен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты жаңартылып, білім мазмұнына бірқатар жаңа бағыт жүйелі түрде кіріктірілді. Олардың ішінде:конституциялық құндылықтар; «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы; «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы; «Заң мен тәртіп» қағидаты; жасанды интеллект пен цифрлық ресурстарды қауіпсіз пайдалану;құқықтық мәдениет; азаматтық жауапкершілік бар. Бұл өзгерістер мұғалімдердің күнделікті сабағына да әсер етеді. Құндылықтар тек тәрбие

сағатында айтылатын жеке тақырып болып қалмай, пән мазмұнымен байланыстырылуы көзделіп отыр. Мысалы, әдебиет сабағында жауапкершілік пен адамгершілік, тарихта азаматтық сана мен заңға құрмет, жаратылыстану пәндерінде табиғатқа жауапкершілік, информатикада цифрлық этика мен қауіпсіздік мәселелерін сабақ мазмұнымен байланыстыруға мүмкіндік бар.«Адал азамат» бағдарламасы: тәрбие жұмысына жаңа көзқарас 2026–2027 оқу жылында тәрбие мәселесіне ерекше мән беріледі. «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын оқу-тәрбие үдерісіне кіріктіру жаңа оқу жылының маңызды бағыттарының біріне айналып отыр. Мұндағы басты мақсат – оқушыны тек үлгерімі жоғары білім алушы ретінде емес, қоғам алдындағы жауапкершілігін түсінетін азамат ретінде тәрбиелеу. Сондықтан мектептегі тәрбие жұмысы: адалдық; жауапкершілік; еңбекқорлық; заңға құрмет; отансүйгіштік; қоғамдық тәртіп; экологиялық мәдениет; өзара сыйластық сияқты құндылықтарды қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Жаңа оқу жылында қандай жаңа курстар енгізіледі? 2026–2027 оқу жылындағы маңызды өзгерістердің бірі – оқушылардың құқықтық мәдениеті мен жеке қауіпсіздігін дамытуға бағытталған міндетті курстардың енгізілуі. Оқу-ағарту министрлігінің ресми ақпараты бойынша: 5-7 сыныптарда –«Конституция негіздері», 8-11 сыныптарда «Заң және тәртіп», 5-11 сыныптарда «Жеке қауіпсіздік» курстары енгізіледі. Сонымен бірге «Құқық негіздері» пәнінің мазмұны да жаңартылып, оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталады. Бұл өзгерістердің мәні өте терең. Бүгінгі оқушы өз құқықтарын ғана емес, міндеттері мен қоғам алдындағы жауапкершілігін де білуі қажет. Ал «Жеке қауіпсіздік» бағыты балаларға өмірде кездесетін түрлі жағдайда дұрыс шешім қабылдау, қауіп-қатерді бағалау және өзін қорғау дағдыларын қалыптастыруға көмектесуі тиіс. 2026 жылғы Тамыз конференцияларының ең өзекті тақырыптарының бірі – жасанды интеллектіні білім беру саласында пайдалану. Жасанды интеллект енді білім жүйесінен тыс тұрған технология емес. Ол мұғалім мен оқушының күнделікті жұмысына біртіндеп еніп келеді. 2026 жылғы жаңартулар бойынша 1–4 сыныптардағы «Цифрлық сауаттылық» пәнінің атауы «Цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект», ал 5–11 сыныптардағы «Информатика» пәнінің атауы «Информатика және жасанды интеллект» болып өзгертілді. Бұл өзгеріс жасанды интеллектіні мектепте тек құрал ретінде пайдаланудан гөрі, оқушыларға оның жұмыс істеу қағидалары, мүмкіндіктері, қауіптері мен жауапты қолдану мәдениетін түсіндіруге бағытталғанын көрсетеді. Бірақ жасанды интеллект мұғалімнің орнын алмастырмайды. Керісінше, педагогтің алдында жаңа міндет пайда болады: оқушыға технологияны дұрыс, қауіпсіз және жауапкершілікпен пайдалануды үйрету. Мұғалім үшін ЖИ: сабақ жоспарын әзірлеуге; тапсырмалардың бірнеше нұсқасын жасауға; материалды оқушы деңгейіне бейімдеуге;шығармашылық идеялар іздеуге; мәтінмен және деректермен жұмыс істеуге көмектесетін құрал бола алады. Алайда дайын жауапты көшіріп алу, жалған ақпарат, авторлық құқық, дербес деректерді қорғау және академиялық адалдық мәселелеріне ерекше назар аудару қажет. Сондықтан жаңа оқу жылындағы цифрлық сауаттылықтың негізгі қағидаларының бірі – жасанды интеллектіні пайдалана білу ғана емес, оның нәтижесін тексере білу. Білім сапасы – жаңа оқу жылының негізгі көрсеткіші, көтерілген мәселелердің барлығы түптеп келгенде бір мақсатқа – білім сапасын арттыруға бағытталған. Білім сапасы тек

үздік оқушылардың немесе олимпиада жеңімпаздарының санымен өлшенбейді. Нағыз білім сапасы – әр баланың мектепте алған білімін күнделікті өмірде пайдалана алуымен байланысты.Осы себепті жаңа оқу жылында: функционалдық сауаттылық; оқырмандық сауаттылық; математикалық сауаттылық;зерттеушілік дағдылар; сыни ойлау;мәселені шешу; ақпаратпен жұмыс; өз ойын дәлелдеусияқты қабілеттердің маңызы арта түседі. Бастауыш сыныптарда БЖБ мен ТЖБ-ға қатысты өзгеріс 2026 жылғы тамыздағы маңызды жаңалықтардың бірі бастауыш білім берудегі бағалау жүйесіне қатысты болды. Бастауыш сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалау-БЖБ және тоқсан бойынша жиынтық бағалау ТЖБ өткізілмейді. Басты мақсат – баланы жиі бағалаудан гөрі, оқу материалын терең түсінуіне және алған білімін іс жүзінде қолдануына жағдай жасау. Бұл бастауыш сынып мұғалімдерінің жұмысында қалыптастырушы бағалаудың, кері байланыстың және баланың жеке оқу прогресін бақылаудың маңызын одан әрі арттырады. Яғни бағалау оқушыға қысым жасайтын құрал емес, оның қай бағытта дамуы керектігін көрсететін қолдау тетігіне айналуы тиіс. Мұғалімнің кәсіби дамуы жаңа деңгейге көтерілуі керек. Қандай технология немесе оқу бағдарламасы енгізілсе де, білім беру сапасын анықтайтын негізгі тұлға – мұғалім. Қазіргі мұғалім пәнін жақсы білумен қатар: заманауи педагогикалық әдістерді; цифрлық құралдарды; жасанды интеллект мүмкіндіктерін;қалыптастырушы бағалауды;инклюзивті тәсілдерді; функционалдық сауаттылықты дамыту әдістерін; оқушымен тиімді коммуникацияны меңгеруі қажет. Сонымен қатар «Адал азамат» құндылықтарын сабаққа кіріктіру, қалыптастырушы бағалау және жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану. Яғни бүгінгі педагог үшін кәсіби даму – бірнеше жылда бір рет курсқа қатысу емес, үздіксіз жүретін процесс. Мұғалімнің құқығы мен мәртебесін қорғау да маңызды. Сабақтың сапасын бірінші орынға қою. Сабақ оқушыға түсінікті, қызықты және практикалық тұрғыдан пайдалы болуы тиіс. Оқушыны дайын жауапқа емес, ойлануға үйрету. Функционалдық сауаттылық пен сыни ойлауды дамыту үшін проблемалық және өмірлік жағдаяттарға негізделген тапсырмалар қажет.Жасанды интеллектіні сауатты пайдалану. ЖИ мұғалімді алмастыру үшін емес, оның жұмысын жеңілдететін көмекші құрал ретінде қолданылуы керек. Академиялық адалдықты сақтау. Оқушылар ЖИ жасаған дайын жауапты көшіріп алуға емес, оны талдап, тексеріп, өз ойын қалыптастыруға үйренуі қажет. Тәрбие мен білімді бөліп қарамау. Әр сабақта жауапкершілік, адалдық, еңбекқорлық, заңға және қоғамға құрмет секілді құндылықтарға орын берілуі керек. Баланың қауіпсіздігіне мән беруФизикалық қауіпсіздікпен қатар оқушының психологиялық жағдайы мен интернеттегі қауіпсіздігі де назарда болуы тиіс. Әр баланың жеке ерекшелігін ескеру. Барлық бала бірдей жылдамдықпен білім алмайды. Сондықтан мұғалім оқушының мүмкіндігі мен қажеттілігіне қарай қолдау көрсетуі қажет.Үздіксіз кәсіби даму. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен күнтізбеге сәйкес,2026-2027 оқу жылы 2026-2027 оқу жылы 2026 жылғы 1 қыркүйекте басталып,2027 жылғы 25 мамырда аяқталады. Жаңа оқу жылының басталуы – тек жаңа күнтізбелік кезең емес. Бұл мұғалім үшін жаңа мақсаттар, оқушы үшін жаңа білім, ал ата-ана үшін баласының дамуына тағы бір мүмкіндік. 2026–2027 оқу жылында Қазақстанның білім беру жүйесінде білім сапасын арттыру, адами капиталды дамыту, функционалдық сауаттылықты күшейту, құндылыққа

негізделген тәрбие беру, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және цифрлық технологияларды тиімді пайдалану басты бағыттарға айналып отыр. Жасанды интеллектінің білім беру жүйесіне енуі, жаңа міндетті курстардың енгізілуі, бағалау тәсілдерінің өзгеруі және тәрбие жұмысының күшеюі педагогке де жаңа талаптар қояды.Бірақ білім саласындағы қандай өзгеріс болмасын, оның табысты жүзеге асуы ең алдымен мұғалімнің кәсібилігіне,шығармашылығына және балаға деген жауапкершілігіне байланысты. Жаңа оқу жылы әр педагог үшін жаңа мүмкіндік болуы тиіс. Жаңа әдіс үйренуге мүмкіндік. Жаңа идеяны жүзеге асыруға мүмкіндік. Әр баланың қабілетін ашуға мүмкіндік. Себебі сапалы білім – елдің интеллектуалдық әлеуетінің негізі, ал сол сапалы білімнің бастауында әрдайым ұстаз тұрады. Білім беру сапасын арттыру, білім алушылардың оқу жетістіктерін жүйелі бақылау және білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру.
Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен үлгілік оқу бағдарламаларының талаптарын орындау. Оқу-тәрбие процесінде заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді, цифрлық технологияларды және жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану.Оқушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни ойлауын, шығармашылық қабілеттерін және өздігінен білім алу дағдыларын дамыту. Тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, оқушылардың бойында жауапкершілік пен отансүйгіштік қасиеттерді тәрбиелеу.
Білім алушылардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау, буллингтің, құқық бұзушылықтың және зиянды әдеттердің алдын алу жұмыстарын жүйелі жүргізу.
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға қолдау көрсету және білім алуға тең мүмкіндіктер жасау. Үйде оқитын білім алушылардың оқу бағдарламаларын меңгеруіне қажетті жағдайларды қамтамасыз ету.
Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, тәжірибе алмасу және үздіксіз кәсіби дамуын қолдау. Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту, мектеп пен отбасы арасындағы байланысты жетілдіру. Оқушылардың сабаққа қатысуын, оқу тәртібін және білім алу мотивациясын арттыру. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау, ұжымда қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру және өзара ынтымақтастықты дамыту.

Үшінші сұрақ бойынша мектеп директоры А.Аксеитова: Мектептің жылдық жұмыс жоспарымен мектеп ұжымы танысты. Оқу жоспарын бекітілді.

Жұмыс оқу жоспарының үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі. Сынып жетекшілік бекіту. Мұғалімдердің оқу жүктемесі. Сабақ кестесі. Тәлімгерлікті бекіту. Білім беру саласындағы жаңа құжаттарды зерделеу. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар мен үй оқушыларын оқыту бойынша жұмыс. (қосымша ақпараттар берілді) Мектептің жылдық жұмыс жоспары бойынша мектеп ұжымы таныстырылды. Оқу жылының негізгі бағыттары, оқу-тәрбие жұмысының міндеттері мен жоспарланған іс-шаралар талқыланды.
Жұмыс оқу жоспарының қолданыстағы үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі қарастырылды. Оқу пәндерінің бөлінуі, оқу сағаттарының көлемі және оқу процесін ұйымдастыру мәселелері талданды.
Сынып жетекшілерін бекіту, мұғалімдердің оқу жүктемесін бөлу және сабақ кестесін құру мәселелері қаралды. Педагогтердің кәсіби бейімделуіне қолдау көрсету мақсатында тәлімгерлікті ұйымдастыру және педагог-тәлімгерлерді бекіту мәселесі талқыланды.

Сонымен қатар білім беру саласындағы жаңа нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру және оларды педагогикалық қызметте басшылыққа алу қажеттілігі атап өтілді.
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды оқыту мен қолдау, сондай-ақ үйде оқытылатын білім алушыларға білім беру процесін ұйымдастыру мәселелері қарастырылды. Атап айтқанда, 7 «Б» сынып оқушысы Зорина Мариямның үйде оқытылуын ұйымдастыру мәселесі талқыланды. Оқушының жеке білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын меңгеруіне жағдай жасау, сабақтардың өткізілуін қамтамасыз ету және оқу жетістіктерін бақылау қажеттілігі айтылды. Осы мәселелер бойынша қосымша ақпараттар берілді.(қосымша ақпарат бар)

Төртінші сұрақ бойынша мектеп директоры А.Аксеитова: Ұйымдық-шаруашылық қызметі және қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету мәселелері туралы айтылды. Мектептің ұйымдық-шаруашылық қызметін ұйымдастыру және жаңа оқу жылында қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету мәселелері туралы мектеп әкімшілігінің ақпараты тыңдалды.Жаңа оқу жылына дайындық барысында мектеп ғимаратының, оқу кабинеттерінің, спорт залының, асхананың және басқа да ортақ пайдаланылатын бөлмелердің оқу процесіне дайындығына назар аударылды. Оқу кабинеттерінің санитариялық-гигиеналық талаптарға сәйкестігі, қажетті оқу құралдарымен, жиһаздармен және техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілуі қарастырылды.Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту, оқу кабинеттеріндегі жабдықтардың жарамдылығын тексеру, электр жүйелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау және эвакуациялық шығу жолдарының ашық болуын бақылау қажеттілігі атап өтілді.Сонымен қатар білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау, мектеп аумағында қауіпсіздік шараларын сақтау, бөгде адамдардың кіруін бақылау, бейнебақылау жүйесінің жұмысын қадағалау және төтенше жағдайлардың алдын алу мәселелері талқыланды.Оқушылар мен мектеп қызметкерлеріне қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, жол қозғалысы ережелері және төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекеттер бойынша нұсқамалар өткізу қажеттілігі айтылды.Мектеп асханасында тамақтандыруды ұйымдастыру, ауызсудың сапасы, санитариялық тазалықты сақтау, кабинеттер мен дәліздердің тазалығын қамтамасыз ету мәселелеріне де ерекше көңіл бөлінді.Қауіпсіз психологиялық орта қалыптастыру мақсатында буллингтің, зорлық-зомбылықтың, құқық бұзушылықтың алдын алу, оқушылар арасындағы өзара сыйластықты нығайту және мектептің барлық қатысушылары үшін қолайлы жағдай жасау қажеттілігі атап өтілді.

Қаулы етілді:
1.-Жаңа оқу жылына арналған педагогикалық ұжым жұмысының басым бағыттары басшылыққа алынсын.
-Пән мұғалімдері оқу бағдарламаларының сапалы орындалуын қамтамасыз етіп, білім алушылардың оқу жетістіктеріне тұрақты мониторинг жүргізсін.
-Сынып жетекшілері тәрбие жұмысын жоспарға сәйкес ұйымдастырып, оқушылардың қауіпсіздігі мен тәртібіне ерекше назар аударсын.
2.-Педагогтер оқыту мен тәрбиелеуде тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, кәсіби шеберліктерін жүйелі жетілдірсін.

-Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және үйде оқитын оқушыларға жеке қажеттіліктеріне сәйкес қолдау көрсетілсін.
-Мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық нығайтылсын.
-Белгіленген міндеттердің орындалуын бақылау мектеп әкімшілігіне жүктелсін.
3.-Мектептің жылдық жұмыс жоспары басшылыққа алынсын.
-Жұмыс оқу жоспарының үлгілік оқу жоспары талаптарына сәйкестігі қамтамасыз етілсін.
-Сынып жетекшілерін бекіту туралы тиісті бұйрық шығарылсын.
-Мұғалімдердің оқу жүктемесі белгіленген тәртіппен бекітілсін.
-Сабақ кестесі санитариялық талаптар мен оқу жүктемесінің бөлінуін ескере отырып бекітілсін.
-Педагог-тәлімгерлер бекітіліп, тәлімгерлік жұмысының жоспары әзірленсін.
-Педагогтер білім беру саласындағы жаңа нормативтік-құқықтық құжаттарды зерделеп, өз қызметінде басшылыққа алсын.
-Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды оқыту мен қолдау жұмыстары қолданыстағы талаптарға сәйкес ұйымдастырылсын.
-7 «Б» сынып оқушысы Зорина Марияның үйде оқытылуы бекітілген оқу жоспары мен жеке оқу кестесіне сәйкес ұйымдастырылсын.
-Үйде оқытылатын оқушының оқу жетістіктеріне жүйелі мониторинг жүргізіліп, ата-анасымен байланыс қамтамасыз етілсін.
-Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау мектеп әкімшілігіне жүктелсін.
4. Мектептің ұйымдық-шаруашылық қызметі бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.Оқу кабинеттері мен мектептің материалдық-техникалық базасының оқу процесіне дайындығы қамтамасыз етілсін.Өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі және санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуына тұрақты бақылау жүргізілсін.Эвакуациялық шығу жолдарының ашық болуы және өрт сөндіру құралдарының жарамдылығы тексерілсін.Мектеп ғимараты мен аумағында білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған қауіпсіздік шаралары күшейтілсін.Оқушылар мен қызметкерлерге қауіпсіздік техникасы және төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттер бойынша нұсқамалар жүргізілсін.Мектеп асханасында тамақтандыруды ұйымдастыру, ауызсудың сапасы мен санитариялық тазалықтың сақталуы бақылауға алынсын.Білім алушылар арасында буллингтің, зорлық-зомбылықтың және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүйелі жүргізілсін.Мектепте қолайлы психологиялық ахуал мен қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бойынша жұмыстар жалғастырылсын.Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау мектеп әкімшілігіне жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы А.Аксеитова
Хатшы А.А.Нуртазина